

ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасы

«Қазақ тілі» пәні бойынша
қорытынды бақылау бағдарламасы
код К(R)Ya , ID 1106

Метеорология (6B05204) 1 Курс, орыс, (күзгі сем)
Экология (6B05202) 1 Курс, орыс, (күзгі сем)
Дене шынықтыру және спорт (6B01401) 1 Курс, орыс, (күзгі сем)
Стоматология (6B10113) 1 Курс, орыс, (күзгі сем)
Медицина (6B10114) 1 Курс, орыс, (күзгі сем)
Фармация (6B10102) 1 Курс, орыс, (күзгі сем)
білім беру бағдарламалары

бакалавриат

Курс – 1
Семестр – 1
Кредит саны – 5


Алматы, 2025

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын аға оқытушы Төлеева Назым Әділбекқызы құрастырды.

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы Метеорология (6B05204), Экология (6B05202), Дене шынықтыру және спорт (6B01401), Стоматология (6B10113), Медицина (6B10114), Фармация (6B10102) білім беру бағдарламалары негізінде әзірленді.

А. Байтұрсынұлы атындағы қазақ тіл білімі кафедрасының отырысында қаралып ұсынылды. Хаттама №1, 29.08.2025ж.

Кафедра меңгерушісі



А.Ж. Амиров

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН) Пәнді оқыту нәтижесінде білім алушы қабілетті болады	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
<p>Пәннің мақсаты - Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы мен құндылығын арттыруды, болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолданып, ұлттық дүниетанымды қалыптастырушы әрі сақтаушы құндылық ретінде бағалаушы көзқарасын қалыптастыру.</p>	<p>1. Қарым-қатынаста кез келген тақырыпта еркін сөйлеп және сауатты жазып, ойын дәлелді айтып, талқыға түсіп, күрделі сұхбат түрлеріне, пікірталастарға қатысу, үгіт-насихат, ақпараттық сөз түрлерін, көпшілік алдында сөйлеу іскерлігін меңгерту пікірлесе білуге, түйінді ой айта білуге қабілетті болады;</p>	<p>1.1. Тілді меңгерудің жетік деңгейіне арналған фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік жағдаяттарда жұмсауды үйренеді;</p>
	<p>2. Тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әнгімелесушілердің пікірін сыни бағалауға;</p>	<p>1.2 Жетік деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады</p>
	<p>3. Өртүрлі жанрадағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды ажыратуға, мәтіндерді мағыналық бөліктерді талдап, саралауға, негізгі ойды тұжырымдауға, тұтас мәтіннің және оның жеке құрылымдық элементтерінің қорытынды бөлімдерін сипаттауға, өзіндік ой-қорытынды жасауға;</p>	<p>2.1. Қазақ тілінде әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады;</p>
	<p>2.2. Өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін (тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби бағдарлы) жүзеге асыра алады, оларды этикалық жағынан дұрыс, мағыналы толық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады;</p>	<p>2.3. Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады;</p>
	<p>3.1. Өзіне қажетті ақпаратты іздеудің түрлі стратегияларын қолдана алады, сөздердің мәнін тексеру және оқығанды терең түсіну үшін қағаз және электронды</p>	<p>3.2. Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді және олардан негізгі/қосымша ақпаратты белгілей алады;</p>
	<p>3.3 Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын сипаттап бере алады, бөліктерге бөліп тұжырымдай алады;</p>	

	<p>4. Қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін, ақпараттық талдау, сараптамалық мақала түрлерін жазуға;</p>	<p>4.1. Әр түрлі мақсаттағы іс қағаздарын сауатты толтырып, жазылым дағдысын толық жетілдіреді; 4.2. Түрлі тақырыпқа эссе жазудың құрылымын, аннотация, тезис, мақала жазуды үйренеді; 4.3. Мәтін құруда қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін, ережелерін, нормаларын таным-түсінігін ескере біледі;</p>
	<p>5. Қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға;</p>	<p>5.1. Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 5.2. Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 5.3. Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады;</p>
Пререквизиттер	Қазақ тілінің В1 деңгейі	
Постреквизиттер	Қазақ тілінің В2-1 деңгейі	
Оқу ресурстары	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ш.А. Рамазанова. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 221 б. 2. Н.Ж. Егізбаева, Ш.А. Рамазанова. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 225 б. 3. Күзекова З. Қазақ тілі. Грамматикалық жаттығулар жинағы. Тілді оқытып, үйретудің базалық, ортаңғы, ортадан жоғары, жоғары деңгейіне арналған оқу құралы. (А2, В1, В2, С1) / – Астана: 2019. – 175 бет. 4. Ш.Қ. Құрманбаева, М.К. Ахметова, М.М. Мұқаметқали Қ. Қазақ тілі: Жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана: 2018. –357 бет. 5. Б. Қапалбеков, С. Құлманов, Г. Қалиақпарова. Грамматикалық анықтағыш. – Алматы, 2010. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Салқынбай А., Егізбаева Н., Жұмағұлова А., Иманқұлова С., Рысбай Б. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. 2. Күзекова З., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі. Ортадан жоғары деңгей (В2.1) Оқу құралы. 2018. <p>Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, til.gov.kz., qazaqtili.el.kz, sozdi.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz, qujat.kz.</p>	

Негізгі тақырыптар:

1. Мемлекеттік тіл – ұлт негізі
2. Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық ерекшеліктері
3. Қоғам талабы – білікті маман
4. Сөздердің байланысу тәсілдері
5. ҚазҰУ – қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы
6. Сөздердің байланысу түрлері
7. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет
8. Субъектілік-предикаттық қатынастың берілуі
9. Қазақстан Республикасының елордасы
10. Анықтауыштық қатынастың берілуі
11. Қазақстанның сәулет өнері
12. Сұрау мәнді құрылымдар.
13. Қазақтың кино өнері
14. Меншік мәнді құрылымдар
15. «Байқоңыр» ғарыш айлағы
16. Мекен мәнді құрылымдар
17. Білім кілті – кітапта
18. Мезгіл ұғымдары
19. Ғылыми кітапхана
20. Мезгіл мәнді құрылымдар
21. Қазақстандағы туризм
22. Қалау мәнді құрылымдар
23. Қазақстанның табиғаты
24. Болжам мәнді құрылымдар
25. Қазақ елінің тарихи орындары
26. Өтініш, тілек мәнді құрылымдар
27. Қазақ жеріндегі тарихи ескерткіштер
28. Міндеттілік, тиістілікті білдіретін құрылымдар
29. Өнегелі ғұмыр: тарихи тұлғалар
30. Мүмкінділік модальдылығы

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ӨДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР, СТАНДАРТТЫ ЖАЗБАША OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline. Платформа: Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді зерделеу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттерді, өз ойларын жазбаша нысанда қисынды баяндай білуін, өз көзқарасын дәлелді дәлелдеуді көрсету.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билеті оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақтан тұрады:

1-сұрақ - Курс теориясы мен тұжырымдамасын білу; баяндаудың қисындылығы. Курс мазмұнында баяндалатын теориялық ережелерді түсіну және мысалдармен растау.

2-сұрақ. Таңдаулы әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ - Ұсынылған практикалық тапсырмаға таңдалған әдістеменің қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. Жеке практикадан алынған нәтиженің негіздемесі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы білім алушылардың жеке куәлігі бойынша жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парағында көрсетілген отырғызу орындарына отырғызады.

2.4.3. Жазбаша offline емтиханға студент орнына басқа адам келген жағдайда кезекші оқытушы осы Қағидаларды бұзғаны туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешіккен білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;
2) әр жұмысқа жұмыс жазудың аяқталу белгісін жауап парақтарында - Х литерін қояды;

3) жауап парақтарын келу парақтарымен бірге деканат маманына шифрлауға ұсынады.

2.4.7. Шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кешіктірілген жағдайда тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өздерімен бірге шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін басқа да техникалық және өзге де құралдарды пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарға аты-жөнін немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысын жою актісі (бұдан әрі - Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережені қайталап бұзғаны үшін білім алушы Өдеп жөніндегі факультет кеңесінің қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, оқушы қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтиханда мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізу үшін нұсқаулықтарды бұзғаны

анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. Актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күші жойылуға және апелляцияға жатпайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық тәртіп бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

3. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:
 Қорытынды баға (ҚБ) = (% 1 + % 2 + % 3 + % 4 + % 5 + % 6) / 6, мұнда % - критерий бойынша тапсырманың орындалу деңгейі,
 К - критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды балды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы» 90-100 %	«Жақсы» 70-89 %	«Қанағаттанарлық» 50-69 %	«Қанағаттанарлықсыз» 25-49 %	«Қанағаттанарлықсыз» 0-24 %
Критерий 1	100					
Критерий 2			75			
Критерий 3				60		
Критерий 4					45	
Критерий 5	100				49	
Критерий 6	200		75	60	94	
Қорытынды %						200+75+60+94 = 429 429 / 6 критерий = 71,5 Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайызды негізге ала отырып, бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.
 72 балл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сәйкес келетін 70 балдан 89 балға дейінгі ауқымда болады.
 Осылайша, осы есептеу кезінде емтихан бағдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес 72 «Жақсы» балға бағаланатын болады.
 білім алушылардың оқу жетістіктерін оларды бағалау мен бағалаудың дәстүрлі шкаласына ауыстыра отырып есепке алу.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
 Академиялық комитетінің төрағасы

А. Байтұрсынұлы атындағы
 Қазақ тіл білімі кафедрасының
 меңгерушісі

Аға оқытушы

Сарсенбай Ж.А.

Амиров А.Ж.

Төлесова Н.Ә.

